Токтарбекова Лаура Ниязбековнаның
«6D020600 - Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі: дінтанулық талдау» атты диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Диссертациялық жұмыста ислам дәстүрінің қазақ мәдениетіне әсері сараланып, оның қазақстандық мәдени-әлеуметтік ортадағы орны зерттеледі. Ислам дәстүрінің қазіргі қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі мен маңызы анықталады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Мәдени-әлеуметтік кеңістіктегі ислам дәстүрінің проблемасын талдаудан өткізу ислам дінінің негіздерін ғылыми тұрғыдан жаңадан зерделеу мен оның қазақстандық мәдениет үшін маңызды қырларын айқындаумен сипатталады.

Зерттеу жұмысының концептуалдық бағыт-бағдары қазақ қоғамының рухани-адамгершілік құндылықтар әлемін қалыптастырудағы ислам дәстүрінің феноменологиялық мәнін ашу мен оның қазіргі қазақстандық нақты дүниедегі мемлекет пен дін арасындағы және діни ағымдар арасындағы қарым-қатынастың қайтадан өзектенуімен түсіндіріледі. Бұл қадам қазақстандық заманауи болмыстағы жаңа үрдістер мен дәстүрлерді анықтауға мүмкіндік беріп, исламдық дәстүрдің жаңашылдыққа, зайырлы құндылықтармен интеграциялануға және басқа діни дәстүрлермен сұхбаттасуға дайын екендігін көрсетеді. Елбасының өзектеген «Рухани жаңғыру» идеясының негізін заманауи тарихи процестегі мәдени сұхбаттастық құбылысы құрайды. Сондай-ақ келесі еңбегі «Ұлы даланың жеті қыры» қазақ халқының ежелден қалыптасқан материалдық мәдениетінің маңызын көрсетеді.

Дін құбылысы көптеген ғасырлар бойы адамзаттың да, қазақ халқының да және қазақстандық қоғам өмірі руханиятының да ажырамас бөлігі болып, адамдардың құндылықтары мен мінез-құлық көзқарастарын қалыптастырып келді. Соңғы жылдары елімізде діннің рөлі едәуір артты. Діни дәстүрлердің алуан түрлілігі, әр түрлі конфессия өкілдерінің бір тарихи аумақта өмір сүруі мен өзара әрекеттесу тәжірибесі Қазақстанның ерекшелігі саналып және оның дамуын анықтайтын маңызды көрсеткішке айналды.

Қоғамның тұрақтылығы және мемлекеттіліктің одан әрі нығаюы көп жағдайда жүйелі ұлттық және діни саясатқа, сондай-ақ, елімізді мекендейтін ұлттар мен ұлыс өкілдерінің, республиканың барлық азаматтарының біртұтас мемлекеттік бірегейлігін сезінуіне байланысты болады. «Азаматтық қоғам», «азаматтық бірегейлік», «этно-конфессиялық бірегейлік», «қазақстандық патриотизм», «қазақстандық халық» ұғымдарының өзара байланысы және қазіргі

өзгерістер жағдайында олардың ұлттық бірегейлікте нақты көрінісі ерекше маңызды болып табылады.

Бүгінгі таңда ислам – әлемдегі ең кең таралған дәстүрлі үш діннің бірі. Ислам дінін ұстаушылар барлық құрлықтарда тұрады, әсіресе Солтүстік Африка, Оңтүстік-Батыс, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс, Орталық Азияда өте көп таралған. Біздің еліміз де тұрғындардың басым көпшілігі мұсылман дінін ұстанушы екені белгілі. Дегенмен Ата Заңымызда көрсетілгендей еліміз зайырлы мемлекет болып саналады. Ислам әлемінің үлкен географиялық аумақты қамтитынына қарамастан, ислам дінін ұстанушы барлық халықтар бірыңғай мәдени тұтастықты құрайды, сондықтан ислам мәдениеті мен дәстүрі туралы жалпы және жекелей дінтанушылық тұрғыдан талдаудың көкейтестілігі мен маңыздылығы күмән туғызбайды.

Әрбір аймақ пен елдегі ислам мәдениетінің түрі исламның қандай діни дәстүрлерінің үстемдігіне байланысты сол қауымдастық үшін дәстүрлі мәдениет болатыны пікірталас туғызатын мәселе. Осыған байланысты мәдениеттің осы түрін қарастыру діннің мәні мен мағынасын терең енбей зерттеу мүмкін емес.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.

Қазақстанның әлеуметтік-мәдени кеңістіктегіндегі ислам дәстүрін зерттеу барысында ең алдымен, дәстүр, мәдени дәстүр, діни дәстүр мәселелерін жан-жақты зерттеген ғалымдардың көзқарастары қарастырылды. Исламның қоғамға әсері мәселесін зерттеу дін пайда болған сәттен бастап және исламның қоғамға әсерін анықтайтын Құран, сондай-ақ осы діннің алғашқы уағызшысы және негізін қалаушы Мұхаммедтің дәстүрлері деп санауға болады. Әйгілі мұсылман теологтары мен ислам дінтанушыларының: Әл-Фараби, әл-Ғазали, Ибн-Халдун және т.б. көптеген еңбектері диссертацияда көтерілген мәселелерді ғылыми пайымдау барысында басшылыққа алынды.

Діни дәстүр мен ислам мәдениетін зерттеуші беделді ғалымдардың бірі, поляк әлеуметтанушысы және философы Э. Шацкий дәстүрді құндылық ретінде таныса, дәстүрдің әлеуметтік маңызын мойындап, құндылық ретінде қабылдамаған тарихи және диалектикалық ойдың негізін қалаушы К. Маркс және одан кейінгі әлеуметтанушылардың бір бөлігі дәстүрді ескіліктің қалдығы ретінде сипаттады. Заманауи зерттеушілер Э.Шилз дәстүрді тәжірибе арқылы туындайды десе, американдық антрополог ғалым Талал Асад ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын үрдіс ретінде қарастырады. Француз ғалымы Рене Генон дәстүрдің нақты көрінісі Шығыста сақталған деген тұжырым жасайды. Салыстырмалы әлеуметтанушы әр тарихшы израильдік Шмуэль Эйзенштадт дәстүрді кез-келген қоғамдық ұйымның ажырамас бөлігі санайды.

Ислам дәстүрі Құран мен Сүннетте, тәпсірде анықталған, онда исламдық үмбеттің анықталуы мен оған қатысты исламдық ілімдердің негізгі ережелері көрсетілген. Христиан дәстүрі Библия, Інжіл мен Көне және Жаңа өсиетте сипатталып, христиандық ілімнің бастапқы қағидаттарында бейнеленіп, христиандықтың әулие әкейлерінің еңбектерінде көрініс тапқан.

Ислам мәдениетіндегі білім беру мен тәрбие – жеке тұлғаны қалыптастырудағы басты бағдар. Білім беру мен тәрбиелеу дәстүрі мұсылман ойшылдары әл-Ғазали, әл-Кинди және әл-Фарабидің трактаттарында сипатталады, ислам мәдениетіндегі сапалы білім беру мен тәрбие ең алдымен, кемел адам бейнесінде қарастырылады. Ислам дәстүрі мен мәдениетінің қазіргі замандағы рөлі орыс зерттеушілері А. Смирнов, А. Малашенко, А. Игнатенко, В. Наумкин еңбектерінде зерттеу нысанына айналса, ал қазіргі Батыс Еуропаның басты зерттеу мәселесіне айналған еуроислам ұғымы мен оның концепциясына қатысты шығармаларды Т.Асад, Т. Ибрагим, М. Сидди, М. Чандра, Т. Рамадан, Б.Тиби, Х.Ханафи, З.Сардар, С.Х.Наср, Т.Саррацин, О.Фаллачи, Т.Модуд еңбектерінен көреміз.

Мұсылман дәстүрінің рөлін ашатын исламтанулық зерттеулер әлемдік өркениеттің мәдени-коммуникациялық процестерін қалыптастырудағы ислами дәстүрдің рөлін қайта қарастыруға мүмкіндік беретін бірнеше тәсілдерді айқындады. Мұндай зерттеулерге А.Мец, М.Ходжсон, М.Элиаде, К.Гирц, Ф. Дитерици, М.Мюллер, А.Корбен, Ф.Шуон, Г.Кремер және тағы басқалардың еңбектерін жатқызуға болады.

Қазақстандық ғалымдар Н.Ж. Байтенова, Е.Е. Бурова, А.Д. Құрманалиева, К.Х. Таджикова, Д.Т. Кенжетай, Ж.С. Сандыбаев, Б.М. Сатершинов, Н.Л. Сейтахметова, Г.Г. Соловьева, А.Г. Косиченко, Ш.С. Рысбекова, С. Абжалов, Р.С. Мұхитдин, Н.Д. Нуртазина, А.К. Муминов, Қ.М. Борбасова, Б. Бейсенов, Қ.Д. Затов, Қ.С.Бағашаров, З.Г. Джалилов және т.б. ислам дәстүрі, ислами білім беру және ислам мәдениеті мәселелері бойынша дінтанулық және исламтанулық мәселелермен айналысып, отандық ғылымға үлкен үлес қосуда.

Қазақ жеріндегі исламға дейінгі діни сенімді, дінді, мәдениет пен өркениетті тарихи-компаративистік негізде зерттейтін қазақстандық ғалымдар: С.Ақатай, М.Орынбеков, М.Бұлытай, Е.Оңғаров, А.Әбдірасилова және т.б.

Мәдени дәстүр мен құндылықтарды, діни дәстүрді сақтау және оны ұлттық бірегейлік идеологиясына қосу қажеттілігі мәселесін көтерген қазақстандық зерттеушілер қатарына Ә.Н. Нысанбаев, Т.Х. Ғабитов, С.Е. Нұрмұратов, Ғарифолла Есім, Г.Ж. Нұрышева, А.Т. Құлсариева, А.Р. Масалимова, М.С.-Ә. Шайкемелев және т.б. жатқызуға болады.

Зерттеудің нысаны: Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі.

Диссертациялық зерттеудің пәні: әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі ислам дәстүрлері ықпалының рөлі мен факторының трансформациясы.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – философиялық-дінтанулық және әлеуметтік-мәдени зерттеулер негізінде Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі құбылысына талдау.

Зерттеу мақсатынан туындайтын жұмыстың негізгі міндеттері:

– діни дәстүрді діни-мәдени болмыстың тәжірибесін сақтаушы және таратушы діни мәдениеттің феномені ретінде зерттеу;

– діни дәстүрдің тұрақтылық маркерлерін анықтай отырып, христиан және ислам мәдениеттеріндегі дәстүрлерге салыстырмалы түрде дінтанулық зерттеулер жүргізу;

– ислам руханилығын айқындау барысында ислам догматтары мен канондары негізінде ислами дәстүрлерді тұжырымдау;

– исламдық бірегейлікті қалыптастыратын рухани-адамгершілік тәсіл ретінде ислам өмірі парадигмасының онтологиялық сипатын ашу;

– Батыс Еуропадағы ислам мен оның өзегін сақтау шартында ислам дәстүрі мен оның мәдени дәстүрлерінің сабақтастығы туралы мәселені зерделеу;

– Қазақстандағы ислам дәстүрінің ерекшеліктері мен әмбебаптылығын айқындау;

– қазақстандық бірегейлікті қалыптастырудағы және руханилық саласын тұрақты дамытудың факторы ретіндегі ислам дәстүрінің рөлін айшықтау.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы: алғаш рет ислам дәстүрлерін дінтанулық талдау тұрғысынан, дін феноменологиясы, дінтану компаративистикасы, оның ішінде ислам компаративистикасы, дін социологиясы әдістерін қолдана отырып, қазақстандық қоғамның мәдени-діни парадигмасын қалыптастырған және қалыптастыратын мәдени-әлеуметтік феномен ретінде талдау жүзеге асырылады.

Зерттеу үрдісінде жаңашылдық сипаттағы келесі **ғылыми нәтижелер** алынды:

- дін құбылысының мәні мен болмыстық сипаттамасы ғылыми тұрғыда жан-жақты айқындалып, діни дәстүрдің қоғамдағы және тарихи үдерістегі діни мәдениетті сақтаушы және сонымен қатар әлеуметте оны кеңінен таратушы функциясының әр қилы жақтары тұжырымдалды;

- діни дәстүрлердің күрделі құрылымы ислам мен христиан діндерінде әр қилы көрініс беретіндігі салыстырмалы дінтанулық зерделеулерден өткізіліп, олардың тұрақты маркерлері айшықталады және осы екі тарихи құбылыстың өзіндік тарихи-мәдени коммуникациясы мен конфессиялық бәсекелестігінің нәтижелері бағамдаудан өткізілді;

- ислам руханиятына тән іргелі дәстүрлі ұстанымдар мен негіздердің түбегейлі қырлары айқындалып, олардың қайнар көздері ретінде мұсылман дінінің догматтары мен канондары жататындығы дәйектелді және оның өзара мәндік байланысы сараптаудан өткізілді;

- ислам өмірінің өзіндік парадигмасын айқындайтын болмыстық негіздер көрсетіліп, рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесі қоғамдағы және тарихи эволюциядағы исламдық бірегейлікті қалыптастырушы басты рухани фактор болып табылатындығы дәлелденді;

- әлемге кең таралып келе жатқан ислам мәдениеті мен дәстүрі Батыс Еуропалық кеңістікте де өзінің әлеуметтік институт ретіндегі орнын бекітіп келе жатқаны көрсетіліп, оның әр қилы елдердегі өркениеттік бейімделу

сипаттары сыни тұжырымдалып, осы қайшылықты жаңашыл үдерістегі сабақтастықтың ерекшеліктері айқындалды;

- Қазақстандаға діни дәстүрдің қалыптасуы мен дамуының өзіндік ерекшеліктері мен әмбебап көріністері дінтанулық тұрғыдан ғылыми сараптаудан өткізіліп, ислам дәстүрлерінің тарихи-өркениеттік қасиеттерін айқындайтын өзіндік сипаттамалар беріліп және қайшылықты тұстары сыни сараптаудан өткізілді;

- Қазақстанның көптеген аймақтарында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып ислам дәстүрінің қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру мен руханилықты дамытудағы рөлі анықталды және еліміздің жекелеген өңірлерінің діни дәстүрлерді сақтау мен өркендету бағытындағы айрықша келбеттері ғылыми тұжырымдалды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік маңызы:

Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында алынған ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелер Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігінде ислам дәстүріне философиялық-дінтану және мәдени-әлеуметтік талдау жүргізілуіне байланысты маңызды теориялық мәнге ие болады. Қазіргі заманғы Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі мен ислам мәдениетінің рөлін, зайырлы құндылықтармен интеграциялау мәселелерін терең зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеудің практикалық маңыздылығы отандық дінтану саласындағы ислам дәстүрі, исламтану және дін саласындағы ҚР мемлекеттік саясаты мәселелері бойынша элективті курстарды әзірлеу кезінде қолдануға болады.

Ғылыми зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі.

Диссертацияның теориялық базасын дінтанулық теория мен философиясы бойынша дәстүрлі әдіснамалық негіздер құрайды, атап айтқанда ислам дәстүрі мәселесін тарихи-философиялық және теориялық-этикалық талдау әдіс-тәсілдері, сондай-ақ, тарихилық пен логикалықтың бірлігі, салыстырмалы сараптау, құрылымдық-функционалдық, герменевтикалық, аксиологиялық, концептілік талдау әдістері пайдаланылды. Қазіргі кезде діни дәстүрді, оның ішінде ислам дәстүрін зерттеудің әлеуметтанулық және эмпирикалық бағдарының басымдығын ескере отырып, диссертациялық жұмыста арнайы әлеуметтанулық тәсілдер де қолданылды. Жұмыстың теориялық негіздері бұрынғы және қазіргі әлемдік ойшылдар мен отандық зерттеушілердің еңбектеріне, ой-пікірлеріне сүйену бойынша жасақталды.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар.

1. Діни дәстүр – мәдени-діни болмысты өркениеттік мұралаушы және әлеуметтік ортада рухани құндылықтарды таратушы тәсіл. Сондай-ақ, діни дәстүрлер қоғамдағы көптеген әлеуметтік және рухани мақсаттарға қызмет етеді. Діни дәстүрлердегі сенім туралы пайымдауларды ғылыми зерттеу барысында сыни игеру қажет ететін мәселелер туындайды. Дегенмен, қазіргі дінтану дін мен ғылым тәрізді екі рухани құбылыстың бір-бірінен антагонистік алшақтығы емес,

керісінше, бірін-бірі өзара толықтырып отыратын рухани функциялық қасиеттердің жақындығын іздеуге тырысады.

2. Діни дәстүр әлеуметтегі діннің тұрақтылығы мен сақталуының маркері болып табылады. Сондай-ақ, діни дәстүр тек қазіргі мен өткеннің арасындағы байланыс жүйесі ғана емес, ол сонымен қатар болашаққа деген рухани талпыныстардың векторын анықтайтын рухани күшке айналып отыр. Азаматтардың құндылықтық әлемінде діни дәстүрлердің қалыптасуы мен дамуы қоғамның жалпы зайырлылық деңгейін анықтайтын көрсеткіш болары анық. Қоғам жаңашылдық пен дәстүршілдіктің өзара қатынасын әрдайым сезініп отырады және сол арқылы діни дәстүрлеріне түзетпелер жасайды.

3. Ислам дәстүрі ерекше рухани құбылыс ретінде ислам руханилығын және діни тәжірибесінің тарихи сабақтастығын қалыптастырады. Сонымен қатар, ислам дәстүрі Аллаға сенетін және мінез-құлықтың белгілі бір ережелері мен нормаларын сақтайтын адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше түрін ұдайы қалпына келтіру үшін қызмет етеді. Ислам мәдениеті тараған елдердегі іштейгі біртұтастықтың бұзылуына себеп болатын детерминанттарға қоғамдық сананың таптаурындық қасиеттердің құрсауында болуын жатқызуға болады.

4. Ислам дәстүріндегі исламдық өмір салтының парадигмасы қоғамдық болмыстың рухани-адамгершілік тәсілі түрінде көрініс береді, онда рухани-адамгершілік басымдықтардың, құндылықтардың ислам санасы мен ислам бірегейлігін қалыптастыратындай әлеуеті бар екенің байқатады. Дегенмен, кейбір елдергі этносаяси және этномәдени салалардағы деструктивті үдерістердің түпкі қайнар көздері ислам өркениетінің сыртындағы әсерлерден гөрі ішкі қайшылықтардың әлеуметте паш етілуі ретінде қабылдауға болады.

5. Ислам дәстүрі ең жоғарғы құндылық ретіндегі адам өмірінің сындарлы коммуникациялық қырын қамтамасыз етеді, қоғам өркендету мен адамды гуманистік тұрғыда әлеуметтендіруге бағытталған ислам мәдениетінің өзегін қалыптастырады. Исламның саясаттанушылық келбеті қоғамдағы өзімшілдік психологиясының дүниетанымда үстемдік етуінің көрінісі деуге болады.

6. Қазақстанда діни радикализмге қарсы тұратын және қазақстандық қоғамның бірігуіне ықпал ететін толерантты ислам дәстүрін қалыптастыратын бірегей мәдени-тарихи және өңірлік ерекшеліктерге (ханафит мазхабы, өмірдің көпмәдени және толерантты қағидаттары, поликонфессионалды ландшафт, қазақ мәдениетінің әргелі дәстүрлері) негізделген өзіндік ислам дәстүрі қалыптасты. Дегенмен, оның жан-жақты қырларын дамытып отырудың объективті қажеттілігі де бар екенін атап өткен жөн. Себебі, деструктивті сипаттағы діни ұйымдарға қарсы тұрудың ең негізгі жолы дәстүрлі исламның ішкі әлеуетін күшейту екені анық.

7. Қазақстандағы ислам дәстүрі тарихи қалыптасқан құбылыс ретінде конфессияаралық қатынастар ауқымында төзімділікті арттыру мен қазақстандық бірегейліктің қалыптасуына диалогтық сипатта ықпал етеді, сонымен бірге ислам дәстүрі қоғамдағы руханилықтың, руханияттың тұрақты дамуының сындарлы

факторларының бірі болып табылады. Ислам дәстүрін орнықты дамыту еліміздегі басқа конфессиялар үшін де құнды.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ Ғылыми комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының Дінтану бөлімінде орындалды. Философия, саясаттану және дінтану институтының Дінтану бөлімінің методологиялық семинарларында талқылаудан өтті.

Диссертациялық зерттеудің мазмұны мен негізгі нәтижелері 12 ғылыми мақалада көрініс тапты, соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған саяси, философиялық және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялауға арналған «ҚазҰУ Хабаршысы» журналында – 1 ғылыми мақала, «Адам әлемі» журналында – 2 мақала, «ҰҒА хабаршысы» журналына 1 ғылыми мақала жарияланып, нөлдік емес импакт факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетелдік журналда жарияланған ғылыми мақала – 1, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының арнайы жинақтарында – 7 ғылыми мақала (оның ішінде, 3 мақала шетелдік баспада) басылып шықты.

Диссертацияның құрылымы. Диссертацияның құрылымы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сай кірісіпе бөлімнен, үш негзгі тараудан, тоғыз тараушадан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.